

Орта (жалпы) білім, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта (арнаулы) білім туралы құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 1181 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында жасалған Орта (жалпы) білім, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта (арнаулы) білім туралы құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Орта (жалпы) білім, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта (арнаулы) білім туралы құжаттарды өзара тану және олардың баламалылығы туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге үкіметтер атынан қатысушы мемлекеттер,

1997 жылғы 17 қаңтардағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортак) білім кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді басшылыққа ала отырып,

2001 жылғы 29 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай (ортак) білім кеңістігін қалыптастыру тұжырымдамасын іске асырудың мемлекетаралық бағдарламасын орындау мақсатында,

білім, ғылым және мәдениет саласындағы ықпалдастыру процестерін тереңдетуге Тараптардың ұмтылысын назарға ала отырып,

бірыңғай еңбек нарығын құрудағы қажеттілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісім Тараптар беретін орта (жалпы) білім, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта (арнаулы) білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарға қолданылады.

2-бап

Егер осы білім беру деңгейінде оқытуудың нормативтік ұзақтығы кемінде 9 жылды қураған жағдайда Тараптар Әзіrbайжан Республикасында берілетін жалпы негізгі білімі туралы куәлікті, Армения Республикасында берілетін жалпы негізгі білімі туралы куәлікті, Беларусь Республикасында берілетін жалпы базалық білімі туралы куәлікті, Грузияда берілетін базалық жалпы білімі туралы куәлікті, Қазақстан

Республикасында берілетін жалпы негізгі білімі туралы куәлікті, Қырғыз Республикасында берілетін жалпы негізгі білімі туралы куәлікті, Молдова Республикасында берілетін гимназиялық білімі туралы куәлікті, Ресей Федерациясында берілетін жалпы негізгі білімі туралы аттестатты, Тәжікстан Республикасында берілетін аяқталмаған орта білімі туралы куәлікті, Өзбекстан Республикасында берілетін жалпы негізгі білімі туралы аттестатты, Украинада берілетін жалпы базалық орта білімі туралы куәлікті таниды. Аталған білім туралы құжаттар жалпы білім беретін оқу орындарында оқуды жалғастыруға, сондай-ақ оқу орны Тарабының заңнамасына сәйкес Тараптардың кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта (арнаулы) білім беру оқу орындарында білім алуға құқық береді.

3-бап

Егер осы білім беру деңгейінде оқытудың нормативтік ұзақтығы кемінде 11 жылды құраған жағдайда Тараптар Әзіrbайжан Республикасында берілетін толық жалпы орта білімі туралы аттестатты, Армения Республикасында берілетін жалпы орта (толық) білімі туралы куәлікті (аттестатты), Беларусь Республикасында берілетін жалпы орта білімі туралы аттестатты, Грузияда берілетін толық жалпы орта білімі туралы куәлікті, Қазақстан Республикасында берілетін жалпы орта білімі туралы аттестатты, Қырғыз Республикасында берілетін жалпы орта білімі туралы аттестатты, Молдова Республикасында берілетін орта білімі туралы аттестатты және бакалавр дипломын, Ресей Федерациясында берілетін жалпы орта (толық) білімі туралы аттестатты, Тәжікстан Республикасында берілетін орта білімі туралы аттестатты, Өзбекстан Республикасында берілетін мектепті бітіруі туралы сертификатты, Украинада берілетін толық жалпы орта білімі туралы аттестатты таниды.

4-бап

Әзіrbайжан Республикасында берілетін жалпы толық орта білім алатын кәсіптік-техникалық білімі туралы дипломды, Армения Республикасында берілетін жалпы орта (толық) білім алатын кәсіптік бастауыш (ұсталық) білімі туралы дипломды, Беларусь Республикасында берілетін жалпы орта білім алатын кәсіптік-техникалық білімі туралы дипломды, Грузияда берілетін жалпы орта (толық) білім алатын кәсіптік бастауыш білімі туралы дипломды, Қазақстан Республикасында берілетін жалпы орта білім алатын кәсіптік бастауыш білімі туралы дипломды, Қырғыз Республикасында берілетін біліктілік сертификатын немесе/және кәсіптік бастауыш білімі туралы сертификатты, Молдова Республикасында берілетін бакалавр дипломын алатын біліктілік куәлігін, Ресей Федерациясында берілетін жалпы орта (толық) білім алатын кәсіптік бастауыш білімі туралы дипломды, Тәжікстан Республикасында берілетін орта білім алатын кәсіптік бастауыш білімі туралы дипломды, Өзбекстан Республикасында берілетін жалпы толық орта білім алатын бастауыш арнаулы білімі туралы дипломды, Украинада берілетін жалпы толық орта білім алатын кәсіптік-техникалық білімі туралы дипломды Тараптар таниды және олар оқу орны Тарабының заңнамасына сәйкес

Тараптардың кәсіптік орта (арнаулы) және жоғары (кәсіптік) білім беру оқу орындарында білім алуға құқық береді.

Аталған білім туралы құжаттарды Тараптар таниды және егер ұлттық заңнамаларда өзгеше көзделмеген болса, көрсетілген мамандыққа, біліктілікке сәйкес жұмысқа орналасу кезінде баламалы болып табылады.

5-бап

Әзіrbайжан Республикасында берілетін арнаулы орта білімі туралы дипломды, Армения Республикасында берілетін кәсіптік орта білімі туралы дипломды, Беларусь Республикасында берілетін арнаулы орта білімі туралы дипломды, Грузияда берілетін кәсіптік орта білімі туралы дипломды, Қазақстан Республикасында берілетін кәсіптік орта білімі туралы дипломды, Қырғыз Республикасында берілетін кәсіптік орта білімі туралы дипломды, Молдова Республикасында берілетін техник (технолог) дипломын және арнаулы орта білімі туралы дипломды, Ресей Федерациясында берілетін кәсіптік орта білімі туралы дипломды, Тәжікстан Республикасында берілетін арнаулы орта білімі туралы кіші маман дипломын, Өзбекстан Республикасында берілетін арнаулы орта білімі туралы дипломды, Украинада берілетін кіші маман дипломын Тараптар таниды және олар оқу орны Тарабының заңнамасына сәйкес Тараптардың жоғары (кәсіптік) білім беру оқу орындарында білім алуға құқық береді.

6-бап

Осы Келісімнің 4 және 5-баптарын қолдану оқыту ұзақтығы мен даярлау салалары тұтастай сәйкес келетінін білдіреді. Жекелеген жағдайларда осы баптарда көрсетілген білімі туралы құжаттардың иегерлерінен тануға сұрау салынатын Тараптың уәкілетті органы нақты білім беру бағдарламасының өзіндік айырмашылығын танытатын пәндер бойынша курстардан өткендігі және емтихандарды тапсырғандығы туралы құжаттарды сұратуы мүмкін.

7-бап

Тараптардың уәкілетті органдары осы Келісімді іске асыру үшін бір-біріне білім туралы мемлекеттік құжаттардың үлгілерін, сондай-ақ оларды ресімдеу және беру ережелері мен ресімдерін реттейтін ұлттық нормативтік және құқықтық кесімдерді ұсынады.

8-бап

Тараптар осы Келісімнің ережелерін іске асыру мәселелері бойынша бір-біріне консультация береді және уәкілетті органдар арқылы осы Келісімді іске асыруға қатысты ережелер мен ресімдердің өзгеруі туралы бір-бірін хабардар етеді.

Осы Келісімнің 2, 3, 4, 5-баптарында көрсетілген білім туралы құжаттардың атаулары мен үлгілеріне Тараптар кез келген өзгерістер енгізген жағдайда, Тараптар оларды осы бапта белгіленген тәртіппен хабарлаған жағдайда таниды.

9-бап

Тараптар білім туралы құжаттарды тану мәселелеріндегі өз іс-әрекеттерін үйлестіреді.

10-бап

Осы Келісім оған қол қойған Тараптар оны құшіне енуі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап құшіне енеді. Көрсетілген рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін Келісім депозитарийге тиісті құжаттарды сақтауға тапсырған күннен бастап құшіне енеді.

11-бап

Осы Келісім оның ережелерін танитын басқа мемлекеттердің осындай қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен қосылуы үшін ашық.

12-бап

Осы Келісім Тараптар қатысуышылар болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындастын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

13-бап

Осы Келісімге Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Келісімнің 10-бабында белгіленген тәртіпке сәйкес құшіне енетін хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісімді қолдану мен түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

14-бап

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылады.

15-бап

Кез келген Тарап шығу күніне дейін кемінде алты ай қалғанда депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлама жібере отырып осы Келісімнен шығуы мүмкін.

2004 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында бір тұпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Тұпнұсқа данасы оның қуәландырылған көшірмесін осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқару комитетінде сақталады.

<i>Әзіrbайжан Республикасының</i> <i>Үкіметі үшін</i>	<i>Молдова Республикасының Үкіметі</i>
<i>Армения Республикасының</i> <i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ресей Федерациясының Үкіметі</i>
<i>Беларусь Республикасының</i> <i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан Республикасының</i>
<i>Грузия Үкіметі үшін</i>	<i>Түркіменстан Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i> <i>Үкіметі үшін</i>	<i>Өзбекстан Республикасының</i>

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

Украина Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК